

МАҚСАТЫ:

Заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын мақсатқа жету үшін еңбектен білетін жеке тұлғаны қалыптастыру.

МІНДЕТІ:

- Жекелеген пәндерден балалардың дарындылығын айқындау.
- Дарынды және ерекше қабілетті балалардың ізденуіне жағдай жасау.
- Оқушының ақыл – ой қабілетін жетілдіру;
- Шығармашылық жеке дарындылығын арттыру;
- Қабілетті оқушымен жеке жұмыстар жүргізу арқылы білімі мен ой өрісін әрі қарай дамыту, білім сапасын арттыру.
- Техника саласындағы қабілетті балалардың келешегіне бағдар беру.

ДАРЫНДЫ БАЛАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА МҰҒАЛІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.
- сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу
- оқушы дарындылығының моделін білу;
- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;
- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;
- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

Мақсаты: Заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын мақсатқа жету үшін еңбектене білетін жеке тұлғаны қалыптастыру.

№	Іс-шаралар	Мақсаты	Уақыты	Жауаптылар	Нәтиже	Ресурстар	Мониторинг
1	Дарынды оқушылармен жұмыс жасау жоспарын бекіту	Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету	Тамыз, қыркүйек	ДБОЖ орынбасары, Пән мұғалімдері	Дарынды оқушыны жан-жақты дамыту, ізденістік жолға ынталандыру	Жоспар	
2	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының II кезеңіне қатысушылар тізіміне сұраныс дайындау	Тізім құру, сұранысты бекіту	Тамыз IV апта	ДБОЖ орынбасары ӘБ жетекшілері	Оқушылардың кең көлемде қамтылуы	Тізім	ДЖО, ақпараттық анықтама
3	1-7-сынып оқушыларының арасында Республикалық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсына (қалалық) сұраныс жіберу	Тізім құру, сұранысты бекіту	Қыркүйек IV апта	ДБОЖ орынбасары, ӘБ жетекшілері	Оқушылардың кең көлемде қамтылуы	Тізім	ДЖО, ақпараттық анықтама
4	Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаға қатысатын оқушылар тізімін нақтылау	Әр пән бойынша олимпиадалық резерв тобын ашу	Қыркүйек II-III апта	ДБОЖ орынбасары, ӘБЖ, пән мұғалімдері	Дарынды балаларды анықтау, іріктеу және ғылыми білімге қызығушылығын арттыру	Әр бірлестік бойынша олимпиада-ға қатысушы тізімі	ӘБ бойынша сараптама
5	Бірлестіктер бойынша пәндік олимпиадалар өткізуді ұйымдастыру	Мектепшілік олимпиадаға оқушы іріктеу жұмысын жүргізу	Қыркүйек IV апта	ДБОЖ орынбасары, ӘБЖ	әр пән бойынша олимпиадаға нақты қатысушыны анықтау	Олимпиадалық тапсырмалар	ӘБ бойынша сараптама
6	Зияткерлік білім сайыстары	Оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру, зияткерлік ойындарға қабілетін ашу	ай сайын	Жас мамандар	Оқушылар арасында білім сайыстар, білгірлер алаңы ұйымдастырылады.	Дебат, пікір сайыс алаңы	
7	«Менің кіші Отаным» атты жас тарихшылар конкурсының	Туған елдің тарихына аса қызығушылық танытатын	Қазан I апта	ДБОЖ орынбасары,	9-11 оқушыларының	Ақпараттық хат, ереже	Нәтижелер мониторингі

	мектепшілік іріктеу кезеңі	оқушыларды анықтау		Тарих пәні мұғалімдері	тарих, өлкетану бойынша білімі тереңдейді		
8	Математика, физика, химия және биология пәндері бойынша Президенттік олимпиадаға іріктеу жұмысын жүргізу	Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқуға оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен қабілеттерін тереңдету	Қыркүйек III апта /	Жаратылыстану-математика циклі пәндері мұғалімдері	Оқушылардың зияткерлік дамуы және кәсіби бағдары үшін оңтайлы жағдайларды жасау	Нұсқаулықтар, ережелер	Жиналыс, ақпараттық анықтама
9	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының II кезеңіне қатысуға сұраныстар қабылдау	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының -II кезеңіне қатысуға сұраныс дайындау	Қыркүйек I-II апта	ДБОЖ орынбасары, пән мұғалімдері			Жиналыс, ақпараттық анықтама
10	«Сәкен оқулары» байқауының қалалық кезеңіне мектепшілік іріктеу жүргізу	Жасөспірімдер арасында Сәкен Сейфулиннің поэзиялық, прозалық шығармаларын кеңінен насихаттау	Қазан III апта	ДБОЖ орынбасары, Қазақ тілі пәні мұғалімдері	Балалардың көркем шығармаларды жаттау қабілеті дамиды, орындаушылық шеберлігі шыңдалады	Ақпараттық хат, ереже	Нәтижелер мониторингі
11	Мектеп оқушыларын пәндік олимпиадаларға дайындау жұмыстарын ұйымдастыру	Жалпы пәндік олимпиадалар мектеп оқушыларының пәнге деген қызығушылығын тудыру	Үнемі	ДБОЖ орынбасары, Әдістемелік бірлестік жетекшілері	Олимпиада резервтерін дайындау	Мектепшілік, аудандық олимпиадаға қатысушылар тізімін анықтау	Жиналыс, ақпараттық анықтама
12	Оқушыларды зияткерлік сайыстарға, ғылыми жобаларға дайындау	Зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан қабілетті және дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету	Үнемі	ДБОЖ орынбасары, Пән мұғалімдері	Оқушылардың үздік жетістіктерін көрсету және насихаттау	Ережелер, нұсқаулықтар	Нәтижелер мониторингі